

«Музыкалық колледж-дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат  
кешені» ММ

Әдістемелік баяндама  
«Гусли мен Жетіген аспаптардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары»

Дайындаған: ҚХА бөлімінің  
арнайы пәндер оқытушысы  
Кабышева Ж. Д.

Павлодар

Әдістемелік баяндама  
Дайындаған Кабышева Жансая Дауреновна  
ҚХА бөлімінің арнайы пәндер оқытушысы  
Кабышева Ж. Д.

Бөлім отырысында қарастырылды  
Бөлім басшысы Утемисова С. Р.

«26» 02 2025 ж. № 6 хаттамасы  
ҚОЛЫ Утемисова

Колледждің әдістемелік кеңесімен мақұлданды  
Әдістемелік кеңесінің төрайымы  
Гатина З.А.

«4» 03 2025 ж. № 2 хаттамасы  
ҚОЛЫ Гатина

## Гусли мен Жетіген аспаптардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары.

Қазақтың көпшекті шертпелі Жетіген аспабы б.з.д. шамамен 5-4 ғасырда пайда болған деп болжамдаймыз. Аспаптың шығып дамып таралу жолдары туралы деректер орыс саяхатшылары мен қазақ аспаптық музыка зерттеушілерінің еңбектерінде келтірілген.

Жетігеннің өзіне ұқсас аспаптарды тауып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттеп тану жолына түсеміз. Біздің қазіргі орындау әдісімізге анағұрлым ұқсас келетін орыс халқының цитра текті гусли аспабы. Сондықтан, осы екеуінің өзара ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыра отырып, өзара байланыстылығын тексеріп, осы мақаламда қазақтың жетігені мен орыс халқының гусли аспабының жіктелуіне арнағалы отырмын.

Ресей халқының гусли аспабы көне аспаптарының бірі. Тарихшылардың болжамдары бойынша, Шығыс Славян тайпаларында 6 ғасырда болған. Новгородта қазба жұмыстар кезінде, археологтар басқа тұрмыстық заттардың ішінен 900 жүз жыл бұрын жасалған құралдарды тапты.[1, 141]

Гусли аспабының цитра текті жай хордофондар қатарында қарастырылатындықтан, алғашқы ұқсастықты осы атаудан таптық.

Жетігенмен гусли аспабын бірге қарастыру себебіміз: гусли жалпы славян аспабы болғанымен, оның арғы тегі шығыс халықтарынан енген болуы мүмкін деген болжамдар біраз еңбектерден кездеседі. Ал шынымен де гуслидің арғы атасы Шығыс халқына барып тірелсе, ондай болса біздің жетігеніміздің де оның осы аспаппен тікелей байланысты болуы мүмкін деп топшылаймыз. «Гусли – один из древнейших струнных щипковых инструментов восточных славян. Первые датированные сведения о нем принято относить к 591 году, когда, по свидетельству византийского историка Феофилакта Симокатты, греками были взяты в плен гонцы прибалтийских славян, направлявшиеся к аварскому хану, в руках которых находились музыкальные инструменты, названные кифарами. Описания инструментов Симокатта не дает и поэтому считать, что у пленных были именно гусли, нет прямых оснований. В то же время, по имеющимся сведениям, древние славяне не располагали иным, кроме гуслей, инструментом, близким по конструкции к кифарам, и поэтому утвердившееся в русском инструментоведении предположение, что под кифарами следует понимать гусли, не лишено основания.» [2, 71]

Гусли аспабы ерте көне славяндық аспабы есептелгенімен оның көпшектілігі құрылымы жағынан да, жетігенмен көп ұқсастығы бар. Аспаптың көне құрылымына келетін болсақ астауға ұқсатып ағаш жәшік сияқты жасалған жетіген аспабының бетіне 5-7 ішек тағылған болатын, сол сияқты алғашқы гуслидің де бетіне 5-7 ішек тағылып, ағаш астау тәріздес жасалып шертіп ойналатын болған. Құрылымдағы ұқсастықтар заман өте келе әр халыққа тән өзгерістерге ұшырып, дамытылу жолына түскен болуы мүмкін деп Мехнецов А. М. «Русские гусли и гусельная игра» атты кітабында жазып кеткен. [3, 4].

Жетіген аспабы мен гуслидің қолданылу мақсаты өте ұқсас болған сияқты. Мысалы, жетігенді көк пен жерді тілдестіруші дәнекерші аспап ретінде қабылдаса, гуслидің де өзіндік жетігенге ұқсас қасиеті болғандығын танып білеміз. [3, 4].

Жетіген мен гусли аспаптарының үнін тек хандардың сарайларында естуге болатын. Мысалы IX ғасырдағы славяндар, Византия патшаларының гуслимен таң қалдыратын. Сол кездегі гусли шыршаның немесе үйеңкінің құрғақ тақтасынан жасалған. Бұны Мехнецовтың «Русские гусли и гусельная игра» атты кітабында жазылған.[3] Жетіген аспабының атауы туралы айтатын болсақ, басынан бастап жетіген деп аталмаған болатын. Оған дәлелі Б. Сарыбаевтың еңбегінен көз жеткізуге болады. «Бұрынғы замандарда жетіген аспабын әртүрлі атаумен атаған, мысалы «етиге», «етиган», «ятага», «елтаға», «джатыган». «Жетіген» деген атау тегінде екі сөзден құралса керек: жеті және ән. Яғни, мұны әндетуші немесе күй шертуші жеті ішек десе де болғандай. Өйткені түркі тілдеріне мынандай музыкалық терминдер бар: аған – өлең, әуен; ганни – жырға қосу; ганани – ән, шумақ; таған – ән салу. Татар және ұйғыр тілінде – ахан, өзбекше аханг. Бұл сөдердің дыбыстағанда, бәлкім, «аһан», «аған» дегенді «ән» деп кеткен болу керек.

Ал гусли аспабының атауы XI ғасырда тарихи деректерде кездеседі. Ызылдаған дыбыс «Гудеть» деген сөзінен шыққан екен. Оны Мехнецов А. М. «Русские гусли и гусельная игра» атты еңбекте жазылған болатын[3]. Ежелгі уақытта, садақтың серпімді ішегі «гусла» деп аталған екен. Міне, гусли аспабының атауы туралы жаңа бір дерек бар.

Қазіргі Жетіген аспабының түрлері: тенор және бас. Ал енді гусли аспабының түрлері: крыловидные, шлемовидные, клавишные, звончатые, щипковые, стационарные, клавироподные, прямоугольные, столообразные, гусли-псалтирь, лирообразные гусли. Жетіген аспабының түрлері көп болу – болмауы бізге маңызды емес. Орындалатын күй шығармаларымыздың диапазондық көлемін аспап көтере білуде. Ал қазіргі орындап жүрген аспабымыздың дыбыс ауқымы орындайтын репертуарымызды көтере алады. Тек қана бас дыбыстары жетіспегендіктен оған арнайы бас жетіген түрі жасалып шығарылды. Қазіргі біздің орындау талабымызға осы екі аспап үлгісі жетіп тұр.

Жетіген аспабын қайта өмірге әкелуін Б. Сарыбаевты есімізге түсірсек, Гусли аспабының қайта шығуын XIX ғасырдағы В. Андреев, Н. Привалов, О. Смоленский ғалымдар, гуслидің көп түрлерін қайта жаңғыртты.

Гуслидің көп түрлерінің болу себебі, орта ғасырда пайда болған аспап түрі осы заманға дейін тек қана даму сатыларынан өтіп отырған. Халық арасынан сұраныстан шығып, жетіген сияқты жоғалып кетпеген. Сондықтан да орындалатын ұлттық әуендерімен және күрделі классикалық шығармаларды орындау жолында, репертуар сұранысына қарай аспаптың түрлері көбейтіп дамытып отырған.

Осы көп түрлерінің ішінде, біздің жетігенімізге анағұрлым жақынырақ келетін – звончатые гусли түрі. Звончатые гусли, бүгінгі таңда ең танымал, мүмкіндітері көп аспап. Әдетте, ішектердің саны 15-ке жетеді. Дыбыс қатары

– диатоникалық. Аспаптың ішектері желдеткіш тәрізді (веерообразно). Осы аспаптардың қолданылуы: жеке партияларды орындауға, сонымен қатар, сүйемелдеуге жақсы келеді.

Алғашқы зерттелу жолы: 1) Жетіген мен гусли аспаптарының құлақ бұрауы мен ішектердің орналасу реті. Зерттеуші Б. Сарыбаев көп жылдарға созылған зерттеулерде, жетігеннің әр түрлі құлақ бұрауын іздеп, басқа елдердің аспаптарымен салыстырып, бір қалыпқа келген кезде, Таққан ішектердің реті мен құлақ бұрауы орыс халқының гусли аспабымен ұқсастық тапқан болатын. Осы екі аспаптың ішектері төмен, яғни жуан дыбыстан басталып, жоғарылаған сайын ішек жіңішке болатынын байқады.[4, 6].

Жетіген аспабының құлақ бұрауы кіші октаваның С дыбысынан басталып, диатоникалық бұрауда екінші октаваның С дыбысына дейін жалғасады. Ары қарай кварта квинталық бұраумен С dur бір октава енгізіліп, бурдондық дыбыстар шығару кезінде қолданылып отырады. Ал Гусли аспабының да диатоникалық құлақ бұрауы біздің аспабымызға ұқсастығы айдан анық көрініп тұр. Оны К. Шаханов «Школа игры» атты кітабында жазып көрсеткен. [4]

Жетіген аспабын орындықтың үстінде отырып, тізеге жатқызып ойнай бастайды. Ал гусли аспабын орындау үшін, алдына тігінен қоя отырып орындайды деп К. Шахановтың «Школа игры» атты кітабында көруге болады.[4]. Екі аспаптың айырмашылығы ұстап ойнау ережесінде екен.

Осы аспаптардың ойнау әдісіндегі өзара ұқсастық ішектерді іліп ойнайды, ал аккорд алу кезінде ашық ноталарды баса отырып керекті дыбысты ашық қалдырып, қолдың 3,4 саусағын оң қол білезік буынымен төмен жоғары қағыстарын ала отырып, дыбысын шығарады. Гусли аспабында да, осы орындау ерекшелігі қалыптасқан екен. К. Шахановтың «Школа игры» кітабында былайша жазылған: «Пальцы левой руки (1, 2, 3-й, иногда 4-й) расположены между смежными парами струн в широкой части «веера» и при движении кисти руки вверх или вниз, касаясь струн, глушат их, гасят звучание посторонних тонов, оставляя открытым, свободно звучащим притовиположный в ладогармоническом отношении струн. Положение пальцев между струн во время игры не меняется. Одновременно кистевым ударом правой руки по всем струнам (прием «бряцания») или выщипыванием» тонов мелодической линии на отдельных открытых струнах (удар сверху – «набиванием») извлекают звук.[4].

Жетіген аспабының алғашқы нұсқалары 5-7 ішекті болып, ойнау әдістері өте қарапайым, тек қана іліп алу әдісімен орындалған болса, ол жетігеннің түрін біздер звончатые гуслимен ұқсатамыз. «Звончатые гусли – самые давние и самые простые. Треугольный или трапецевидный ящик при игре ставился на колени музыканта. Струн было немного – от семи до тринадцати, причем дополнительных звуков октавы, тех, что на фортепиано ихвлекаются черными клавишами, не было вовсе. Если исполнялась мелодия, гусли поочередно щипывали струны пальцами. А если он сопровождал пение аккордами, то просто проводил медиатором по всем струнам, а пальцы

левой руки в это время приглушал те стуны, звуки которых не должны были участвовать в аккорде.» [1, 141].

Жетіген аспабының көне нұсқасы орындала келе, ішек саны мен орындау әдістерінің аздығы орындаушылық мүмкіншіліктерді шектеп, оған реконструкция жүргізіп, ішек санын көбейтіп, орындалу әдістерін толықтырып жасауды қажет етті. Сол сияқты гусли аспабының «звончатые» түрі де, шамасы күрделі шығармаларды орындауға жетпегендіктен, ол да жетіген сияқты өзгерістер мен толықтырулар қажет етті.

Болат Сарыбаев ағамыздан бастап, жетіген аспабы бірнеше рет күрделі реконструкциядан өткізіле бастады. Сарыбаевтың алғашқы нұсқалары 13-14 ішекті болып келсе, кейінгі аспаптарын 23-24 ішекке дейін жеткізілген болатын. Ішек санын көбейткен сайын, жетіген орындау мүмкіншілігі өсе түседі ма деген сенім онша ақтала қоймады. Екі қол әдісін де қолдана отырып орындалғанымен шама шарқы көп күрделі шығармаларды орындауға жетпей жатқандығы білінді.

Сол сияқты гусли де күрделене түсіп, щипковые түрі пайда бола бастайды. «Щипковые гусли устроены намного сложнее звончатых. У них шестедесят струн – это пять полных октав.

...Музыкант играет на щипковых гусях пальцами обеих рук. Он может одновременно вести мелодию на тонких струнах и гармоническое сопровождение на басовых. Щипковым гусям доступны сложные многоголосные произведения. [1, 142].

Жетіген аспабы гуслидің щипковый түрі сияқты аса дамып кете алмағандықтан, 2000 жылдардың бас жағында тағы да біраз өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мысалы, әр ішектің астына жеке жеке тиек орнатылды, бет қақпағын тегіс емес, доғал етіп жасай бастады, ішек саны 22-мен шектелді, бір бетіне диатоникалық ойнау әдісі мен қатар, кварта-квинталық бұрау да енгізіліп, екі түрлі ойнау әдісімен орындаушылар қолдана бастады. Гуслидің щипковые түрінің ішек саны көбейтіліп, 60-қа жетіп мүмкіншілігі өскен болатын. Ал жетіген, осы 20 шақты ішектерімен шектеле отырып, ойнау әдістерін байытып орындау мүмкіншілігін анағұрлым жоғарғы деңгейге көтере бастады.

Жетіген мен гусли аспаптарының бүгінгі күндік өмірі де ұқсас келеді. Мысалы, аспаптар қайта жаңғыртылып, оркестр мен ансамбльдердің құрамына енді. Осы аспаптардың дыбысы, оркестрге ежелгі саз әуенін, қайталанбас нақышын береді. Қазіргі уақытта осы екі аспаптарға деген қызығушылық айтарлықтай өсті. Бүгінгі күні орындаушылар да күннен күнге көбейе береді.

Қол қойылымы мен ойнау әдістерінің айырмашылықтарын, Н. Жақыпбек «Жетіген үйрену мектебі» мен К. Шаханов «Школа игры» атты кітаптар арқылы қарастырдық:

1. Нұргүл Жақыпбек ұстазымыздың «Жетіген үйрену мектебі» атты кітапта, Жетіген аспабында ойнау екі түрге, яғни кварта-квинталық мен хроматикалық бұрауға байланысты болғандықтан, әдістері бір-біріне ұқсамайды деп жазылған. Кварта –квинталық немесе көне бұраудағы оң

қолдың қойылымы, оң қол саусақтары дыбысты іліп, шертіп ойнау қызметін атқарады. Иықтан төмен қарай қолды еркін ұстап, қолдың барлық күшін саусақ ұшына келеді. Көне бұрауда, тек бас бармақ пен сұқ саусақ қолданылады. Шынашақ көмекші тіреуіш ретінде пайдалынады. Сұқ саусақ жоғарғы 3 дыбысты іліп алу үшін арналады. Ал қалған дыбыстарды бас бармақ іліп отырады. Осындағы сол қол дыбысты тербеліске келтіру үшін, яғни вибрация алу немесе хроматикалық дыбысты алу үшін қолданылады деп Нұргүл Жақыпбек өз «Жетіген үйрену мектебі» атты кітабында түсіндірген.[5, 12] Гусли аспабына келетін болсақ, тек бір ғана құлақ күйі келтіріледі. Ол хроматикалық.

2. Хроматикалық бұрауындағы оң қол қойылымы. Оң қол саусақтарын жетігеннің ортаңғы ішектеріне ыңғайымен жатқызады да иық, шынтақ көтерілмеуін қадағалап, саусақ күші тең таралуы қажет. [5, 18]. Гусли аспабына келетін болсақ, ең басты ерекшелік – медиатормен ойнау. Бас бармақ пен сұқ саусақ медиаторды ұстайды, қалған саусақтар жинақы, бірақ бір-біріне жабыспауы тиіс. Дыбысты ішектің ортасына қарай шығару керек. Медиаторға да күтім керек екен. Оны арнайы қағаз арқылы тегістейді екен.

3. Вибрация алу үшін, жетіген аспабында сол қолды ұзына бойы аспаптың, тектің арғы шетіне қарай созып, белгілі бір ішектің үстіне сұқ саусақ пен ортаңғы саусақтар ішекті тербетеді. Ал гусли аспабында, вибрация сол қолдың бас бармағы аспаптың артына, сұқ саусақпен пен ортаңғы саусақтар аспапқа тіреп қойып, тербеліс шығарады. [5, 14].

Сонымен, қазақтың көне көпішекті жетіген мен орыс халқының гусли аспабы бір-біріне ұқсайтындығына көзіміз жетті. Ежелден келе жатқан аспаптардың кейінгі ұрпақ арасында насихатталып таралуы олардың тарихи генетикалық кодын білуде аса маңызды рөл атқарады. Сол себепті, қазіргі таңда музыкатану әлемінің өзекті мәселесі – фольклорлық аспаптардың қайта жаңғыруы, музыка сферасында көптеп таралуы, репертуар қорларының жанрлық үлгілерде жаңаша белең алып, толығы маңызды.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Газарян С. «В мире музыкальных инструментов» Москва «Просвещение» 1989 г.141 стр
2. К. Вертков «Русские народные музыкальные инструменты» изд. «музыка» 1975 г. Ленинград .71 стр
3. Электронная книга Мехнецов А. М. «Русские гусли и гусельная игра» Санкт-Петербург 2006 г. 4 стр.)
4. К. Шаханов «Школа игры». – Санкт-Петербург 2019
5. Н. Жақыпбек «Жетіген үйрену мектебі». – Алматы 2011

**«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені» ММ оқытушысы Кабышева Жансая Дауреновнаның «Гусли мен жетіген аспаптарының ұқсастықтары мен айырмашылықтары» атты әдістемелік баяндамаға**

**Рецензия**

**Тақырыптың өзектілігі:** Зерттеліп отырған тақырып қазіргі таңда өте өзекті, себебі ол екі халықтың мәдени мұрасын, дәстүрлі музыкалық аспаптарды насихаттауға бағытталған. Аспаптардың тарихы мен дыбыстық ерекшеліктерін түсіну болашақ ұрпақ үшін маңызды.

**Жазудың құрылымы мен логикасы:** Әдістемелік баяндама өз тақырыбына толық сәйкес құрылымдалған. Алғашқы бөлімде гусли мен жетіген аспаптарының тарихи түп-тамыры мен шығу тарихы қысқаша баяндалады, содан кейін олардың негізгі техникалық сипаттамалары мен дыбыстық ерекшеліктеріне тоқталады. Баяндама логикалық тұрғыдан жақсы құрылып, әр бөлім өзара байланысқан. Әрбір тұжырым нақты әрі анық, мәліметтер жүйелі түрде баяндалған. Ойдың дамуы мен жазу стилі ғылыми талаптарға сай келеді.

**Жұмыстың ғылыми деңгейі:** Баяндамада зерттеліп отырған аспаптардың тарихи және мәдени мәні ғылыми тұрғыдан негізделген. Жұмыс барысында қолданылған әдебиеттер мен ғылыми деректер дұрыс таңдалып, автордың өз ойлары мен зерттеу нәтижелері дәлелденген. Атап өту керек, зерттеу барысында музыкалық аспаптардың техникалық сипаттамалары мен дыбыстық ерекшеліктері кеңінен қарастырылып, екі аспаптың ұқсастықтары мен айырмашылықтары нақты көрсетілген. Бұл баяндама музыкалық білім беру саласына маңызды үлес қосады

**Жалпы әсер:** «Гусли мен жетіген аспаптарының ұқсастықтары мен айырмашылықтары» тақырыбында жасалған баяндама қызықты әрі ақпаратқа бай зерттеу болып табылады. Бұл жұмысында қазақ және славян халықтарының дәстүрлі музыкалық аспаптары — гусли мен жетігенді салыстырып, олардың құрылымдық ерекшеліктерін, орындау техникасын, сондай-ақ олардың музыкалық мәдениеттегі рөлін ашып көрсетеді.

**Бағалау:** Жалпы, әдістемелік баяндама жақсы құрылымдалған және ғылыми тұрғыдан дұрыс жасалған. Тақырыптың өзектілігі мен маңызы анық көрсетілген. Жұмыстың ғылыми деңгейі жоғары, зерттеу нәтижелері толық және нақты баяндалған. Дегенмен, қосымша кейбір аспаптардың қолданылуы туралы нақты мысалдар келтірілсе, жұмыстың мазмұны одан әрі терең болар еді. Жалпы алғанда, бұл баяндама жоғары деңгейде орындалған және музыкалық білім беру саласында маңызды әрі пайдалы деп бағаланады.


Рецензент:

Қазақ халық аспаптар бөлімінің ұстазы

Құрманғазы атындағы

төс белгісінің иегері

педагог-зерттеуші Байбусынова Т.М.





**«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені» ММ оқытушысы Кабышева Жансая Дауреновнаның «Гусли мен жетіген аспаптарының ұқсастықтары мен айырмашылықтары» атты әдістемелік баяндамаға**  
**Рецензия**

**Тақырыптың өзектілігі:**

Әдістемелік баяндамада қарастырылған «Гусли мен жетіген аспаптарының ұқсастықтары мен айырмашылықтары» тақырыбы қазіргі музыкалық білім беру контекстінде өте маңызды әрі өзекті. Бұл аспаптар – қазақ және орыс музыка мәдениетінің ажырамас бөлігі. Әсіресе, оларды оқыту мен зерттеу музыкалық білімнің негізін құрайтын элементтер ретінде үлкен қызығушылық тудырады. Тақырыптың өзектілігі музыкалық аспаптардың тарихи, мәдени және білім беру жүйесіндегі маңызын зерттеу қажеттілігімен расталады.

**Жазудың құрылымы мен логикасы:**

Баяндама құрылымы жағынан толыққанды әрі жүйелі. Автор жұмыстың кіріспесінде негізгі зерттеу мақсаттарын анықтап, оның маңыздылығын айқындап көрсетеді. Негізгі бөлімде гусли мен жетіген аспаптарының техникалық сипаттамалары, дыбыстық ерекшеліктері мен қолданылу ауқымдары салыстырылады. Әр бөлім өз тақырыбы бойынша нақты әрі түсінікті жазылған. Логикалық тұрғыдан да баяндама дұрыс құрылымдалған, нәтижесінде ойдың дамуы бірізділікте беріледі.

**Жұмыстың ғылыми деңгейі:**

Жұмыс ғылыми тұрғыдан жоғары деңгейде орындалған. Автор осы тақырыпты терең зерттеп, екі аспаптың техникалық және дыбыстық ерекшеліктерін нақты ғылыми деректермен дәлелдеген. Әдістемелік баяндамада музыкалық теория мен тарихқа қатысты маңызды тұжырымдар мен ғылыми көзқарастар ұсынылған. Алайда, жұмыс барысында кейбір аспаптардың қолданылу тарихы мен дәстүрлі музыкадағы орны тереңірек ашылса, жұмыстың мазмұны одан әрі байытылар еді. Дегенмен, жалпы алғанда, баяндама ғылыми әдістерге сай жазылған.

**Жалпы әсер:**

Баяндама жалпы алғанда өте әсерлі әрі қызықты. Әдістемелік сипаттамалардың анықтығы мен логикалық реті оқырманға қиындық туғызбайды. Тақырыптың ауқымдылығы мен тереңдігі жұмыстың жоғары деңгейде орындалғанын көрсетеді. Автор тақырыпты зерттеу барысында тың деректер мен мәліметтер ұсынуға тырысқан және бұл ғылыми жұмыстың құндылығын арттырады. Жұмыс қызығушылықты тудырады және музыкалық білім беру саласында маңызды орын алады.

**Бағалау:**

Қорытындылай келе, бұл әдістемелік баяндама жоғары деңгейде орындалған. Жұмыс ғылыми және әдістемелік тұрғыдан маңыздылығын көрсетеді, әрі музыкалық аспаптар туралы білімді тереңдетуге және студенттерге оқу процесінде көмек көрсетуге үлес қосады. Баяндама тақырыбының өзектілігі, құрылымы мен логикасы, ғылыми деңгейі жақсы бағаланады. Осылайша, жұмыстың мазмұны толық және негізді, әрі музыкалық білім беру жүйесі үшін өте пайдалы.

Рецензент:

Қазақ халық аспаптар бөлімінің меңгерушісі

педагог- сарапшы Утемисова С.Р. 